

*A.C. Sagatova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>фс.з.к., аға оқытушы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті,  
Қарағанды қ., Қазақстан*

## ЕРЛІК ПЕН ҚАҺАРМАНДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ БОЛҒАН ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ

*Аңдатпа*

Тәуелсіз еліміз қазіргі таңда өзіндік даму жолында ұлттық төл тарихымыздың танымдық негіздеріне, тамырларына ден қоюда. Ұлы мақсаттардың орындалуына арқау болған ұмтылыстардың бастауы - елдің, туған жердің тарихын зерделеумен байлаысты өз мән-мазмұнын ашады. Автор өз мақаласында өткен тарихымыды саралай отырып, сол тарихи ұлы жетістіктерге себепші болған, жарқын із қалдырған ұлы тұлғаларымыздың еңбегі мен қызметіне жүгіне отырып, олардың дүниетанымдық көзқарастарының рөлін бағамдауға назар аударады. Бұл еліміздің біртұтастығы жолында рух пен намыстың жаршылары болған, ерлік пен қаһармандықтың үлгісі болған қазақ батырларының өзіндік болмысын – дала тағылымы ретінде зерделеуге негіз салған.

**Кілт сөздері:** Қазақ хандығы, ұлттық намыс, халық батырлары, өзара сыйластық, қаһармандық әрекеттер, өнерпаздық күдірет, табиғи дарын, ел ағасы

*A.S. Sagatova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Candidate of Philosophical Sciences, Senior Lecturer, Karaganda State Technical University,  
Karaganda, Kazakhstan*

## KAZAKH BATYRY BECOMING AN EXAMPLE OF COURAGE AND HEROISM

*Abstract*

Today our independent country is following the path of self-development, paying attention to the cognitive foundations and roots of our national history. The beginning of the striving for the realization of great goals - reveals its essence in connection with the study of the history of the country, native land. Having analyzed the past history, the author in his article, referring to the merit and activities of great personalities who have left a bright mark and contributed to great historical achievements, focuses on the role of their worldview. This marked the beginning of the study of the personality of Kazakh batyrs, who were messengers of spirit and honor on the way to the unity of our country, an example of courage and heroism - an example of the steppe.

**Keyword:** Kazakh Khanate, national honor, folk heroes, mutual respect, heroic deeds, mighty power of skill, natural talent, elder

*A.C. Sagatova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.фс.н., старший преподаватель, Карагандинский государственный технический университет,  
г. Караганда, Казахстан*

## КАЗАХСКИЕ БАТЫРЫ, СТАВШИЕ ПРИМЕРОМ МУЖЕСТВА И ГЕРОИЗМА

*Аннотация*

Сегодня наша независимая страна идет по пути саморазвития, уделяя внимание познавательным основам и корням нашей национальной истории. Начало стремления к реализации великих целей - раскрывает его суть в связи с изучением истории страны, родного края. Автор в своей статье проанализировал прошлую историю, обращаясь к заслуге и деятельности великих личностей, оставивших яркий след, способствовавших великим историческим достижениям, акцентирует внимание роли их мировоззренческих взглядов. Это положило начало изучению личности казахских батыров, которые были вестниками духа и чести на пути к единству нашей страны, примером мужества и героизма – примером степи.

**Ключевые слова:** Казахское ханство, национальная честь, народные герои, взаимоуважение, героические поступки, могучая сила мастерства, природное дарование, старейшина

Қазақ хандығы ерте дүниеден бері қарайғы даму тарихында өзіне дейінгі билік жүйелерінің басты құндылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін ұстанған. Жалпы Қазақ хандығының басқару жүйесінде «Хан кеңесі» өзіндік рөл атқарған. Мұнда әрқашанда мемлекет үшін маңызды ішкі және сыртқы саясат мәселелері талқыланып, өз шешімдерін тауып отырған. «Хан кеңесі» құрамында хан бастатқан елдің ең таңдаулы қайраткерлері мүше болған. Солардың қатарында қазақ батырлары да болған. Хандық билік пен қаһармандық, ақыл мен күштің тетігі - батырлар мен билер билігіне ұштасты. Осылайша ел мен жердің тарихы және тағдыры басты мәселеге айналып, оларға табыс етілді. Бұл халқымыздың рухын жігерлендіріп, ұлттық намысты асқақтатқан уақыт болатын.

Рухани күш, ішкі қуат, батылдық, әрі жігерленудің негізі бұл - рух. Тіпті, шыншылдық, өткірлік, туралық қасиеттерімен де астасып жататындығын көруге болады. Оның бер жағында адамның жан дүниесі, ділі, ақыл-парасатының көрінісі, рухани дүниеліктер де осы арнада өз көрінісін береді. Сонымен бірге, күш-қуат, қажыр, жігер де рухтан бастау алады. Демек, рух ұғымның мән-мазмұны сан қырлы. Рухты адам ешқашанда өмірдің қиыншылықтарынан тайсалмайды, елінің, туған жерінің болашағы жолында аянбай еңбек етеді.

Осы рухтың негізінде адам баласының жан дүниесі және Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, болашақтағы оның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табатын ар-ождан үні ретінде «сәулесін шашқан» бұл – намыс ұғымы. Бұл рух пен намыстың бастау алатын көзі - көне бабалар дүниесі екендігі хақ. Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бірлік-ынтымағын мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихында үлкен құрметке ие. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай тарихтың қиын-қыстау кезеңдерінде жаужүрек, батыр ұлдары мен қыздарын Құдіреттің жазуы, жазмышымен жаратса керекті. Отан тарихының әлеуметтік жағдайдан бастап күрделі саяси күрестердің басқасында болған, араласқан, сонымен бірге, осы тарихи оқиғаларды басқарған, ұйытқысы болған, әрі асқан ерлік, қаһармандық көрсеткен ер-азаматтар – халық батырлары атанған.

Қарақұрым съезіндегі пікірлері бір жерден шықпаған қатысушыларды Жоңғар хандығына қарсы бірігіп тойтарыс беруді көздеген бір көзқарас төңірегінде топтастыра білген шешен Бөгенбай батырдың сөзі болатын. Осылайша батыр жауынгерлік рухты бір асқақтатқан еді. Халқын туған жерін қорғауға көтерген хас батырлар оның қасынан табылды.

Жауға тойтарыс беруді ұйымдастыруда, сол үшін түрлі аймақтарды біріктіру қажеттілігінде, «ащы шындықпен санасуға мәжбүр» болған жағдайларда, жалпы келісімділікке ұмтылыс халықтың батырларға деген сеніміне күш артқан еді. Халықтың қырылып-жойылуына жол бермеу үшін халықтың өзін-өзі құтқаруында азаттық үшін күрестің басында тұрған қазақ жасақтарын ұйымдастырған, есімдері дүйім жұртқа танымал болған көптеген батырлар шыққан болатын. Олар қазақ халқының болашаққа сенімін, жауынгерлерінің рухын бір жықпай өткен тұлғалар болды. Батырлар өз күштерін біріктіріп, тізе қосып іс-қимыл жасады. Әр қайсысының рөлі мен іс-қимылдарының маңызы, қиын сәттердің өзінде ұйымдастырушылық қабілеттері айқын көрінісін танытып отырған. Бұл жердегі ең маңызды да күрделі мәселелердің бірі әр шайқаста жасақ, әскер қатарын, қазақ қолын жинау болған. Жерінің әр бұрышын азат ету жолында қазақ әскерлері осы хас батырларының сардарлығы, ақылман қолбасшылығының арқасында қаһармандық жанқиярлық ерліктер көрсеткендігі тарихта аян. «Көп тілеуі – көл» демекші халқының тілек-үмітін, арман-мақсатын ақтауда жарқын табыстарға жетіп отырған. Әрине, бұл жерде басымдылық танытқан нәрсе жауынгерлер біреудің жерін емес, басқыншылардан өзінің кезінде ата-бабаларынан, данышпан Асан қайғыдан мұра болған «Жерұйығын», яғни құтты мекен, бақ мекені, ырысты мекен, бай мекені, жұмақ өлке, жер жәннәті, жәннәт бағы – туған жерін қорғады. Сондықтан да туған жердің әр нүктесін, тас-тауын, ну-орманын, жазық даласын қолайлы, тиімді, шебер пайдалана білді, белгілі бір жетістікке жету үшін әскери тактиканы, соғыс маневрлерін жетік қолданған. Бұл жағдайда батырлар бастаған қазақ жасақтарының батыл әскери қимылдарына үлкен табыстарға қол жеткізуге мүмкіндіктер берді. Қазіргі Қазақстан жеріндегі көп атаулар осы қанды шайқастардың ескерткіші ретінде атаулары пайда болған болатын: Қалмаққырған, Аңырақай, Қалмақ (арық атауы).

1726 жылдың күзінде өткізілген Ордабасындағы съезде белсенді жүргізілген кең ауқымды саясаттың нәтижесінде мұнда күн тәртібінде көтерілген басты мәселе – басқыншы жауға бүкілхалықтық тойтарыс беруді ұйымдастыру болды. Міне, осында қабылданған шешімдерге қол жеткізуде барлық жүздер өкілдерінің ауызбірлігінің бір жерден шығуы - Отан соғысындағы күрт бетбұрыстардың алғашқы нышаны болған дейді зерттеушілер. Бұл ел бірлігінің негізінде халықтың жауынгерлік рухын тағы бір көтеріп тастаған ұлы оқиға болып тарих бетінде қалған еді. Қазақ жасақтарының жеңіске деген құлшыныстарын, ерік-жігерін шындай түсті. Осы ұйымшылдықтың, ынтымақшыл, ауызбірліктің арқасында жасақты ұрысқа бастауда, жасақтарды қаруландыруда жергілікті қолөнері бар халықтың қолдауымен «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» аянбай қажырлылық таныта білген. Шайқастарда батырлардың намысы ерлік, қайсарлық, өздерінің жеңісіне деген мызғымас сеніміне ұштасқан болады.

1730 жылғы тарихта «Аңырақай» деген атпен қалған шайқаста тарихи дереккөздеріне сүйенер болсақ, жоңғарлар жағынан ортаға талантты әскербасы, қоян-қолтық ұрыстың асқан шебері жауынгері Шарыш шықса, қазақтар жағынан сол кезде жиырма жастағы Абылай хан шыққан. Осы шайқаста Абылай хан батылдығы мен ерлігінің арқасында көпшіліктің қошеметіне бөленіп, беделге, абырой-атаққа ие болған. Қазақ батырлары мен жауынгер халқының ерлігі мен жеке басының қажыр-қайраты қазақ батырлар эпосындағы соғыс қимылдарының көріністері іспеттес мән-мазмұнда көптеген шығармаларда өз бейнесін тапқан. Сонымен бірге, осы жылдардағы басты оқиғалардың куәгерлері болған Бұқар жырау, Үмбетей жырау, Тәтіқара жыраулардың орны мен рөлі зорынан болған. Олар тек жыраулар ғана емес, жауынгерлермен бірге сап түзеп, шайқастарға қатысқан, әрі

жауынгерлерге рух берген, олардың жаужүрек ерліктерін, қайсарлықтарын жырға қосып, көпшілікке паш еткен, кейінгі ұрпақтарына жеткізе білген, сонымен бірге, жыраулар бір мезетте осы дәуір тарихы кезеңінің дерекөздерін қалыптастырушылар. Мықты жырауларымыздың шығармашылық туындыларының арқасында батыр бабаларымыздың Отан үшін, туған жері үшін ұлы жорықтарда күрескен, жанын салған, білегінің күшімен, найзасының ұшымен қорғай жүріп ұрпақтарына аманаттап қалдырған бейбіт те бай-қуатты қазіргі кең байтақ өлкеміз, жеріміз куә. Сондай жырау мен батыр арасындағы ақылшы аға мен батыр інінің өзара сыйластығы қатынасын танымал жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділерінен» көреміз: «Төбе басында отырған Бөгенбайдың есіне енді Бұқар жырау айтқан бір әңгіме оралды. «Осы біздің Бұқар шынында әулие ғой!» деп ойлады ішінен. Ол сонау «Ақтабан шұбырынды» кезінің өзінде-ақ: «Біз жоңғарларды түбінде жеңеміз» деп еді. Сол айтқаны дәл келді. Шұно-Дабо өлген ұрыс шынында да, Жоңғар басқыншыларының қазақ қолдарынан мықтап тойтарыс алуының басы еді. Тәуке ханды өз көзімен көрген Бұқар жырау бірде жорықтан келе жатып, бұған:

- Есіңде болсын, құртамын деп қылышын сүйретіп келген жау, әрқашан да өзіне сол жерден ажал табады. Халқы қоштамаған әділетсіз соғыс, түбі, Жоңғар қонтайшысының күйреуімен бітуге тиіс.

- Сыбан Раптаннның бұл шабуылын халқы қолдамай отыр ма?

- Қолдаса, соғыстан олжа табам деп, бала-шағасын шұбыртып, бар жоңғар осы маңға көшпес пе еді?.. Қазақ жеріне қонтайшыларының дүмпуімен тек әскері ғана келді... Бірақ басқыншы әскер, қанша айбарлы болғанменен, жат жерде ұзақ орнығып отыра алмайды. Халқы жақтамаған соғыс қашан да шапқыншылардың күйреуімен біткен. Бұл - тарих қағидасы. Әттең не керек, ел басқарушы күштілер сол тарихи сабақты естерінен шығарып алады.

...Ер азбай, ел азса - айдын көлдің суалғаны. Ел азбай, ер азса - зор бәйтеректің құлағаны, - деп бастады Бұқар жырау қазақ елінің ұлы шежіресінің бір тармағын. - Бәйтеректің құласа — ағаш орнына ағаш өседі. Айдын көлің суалса немен толар есесі? Ер бұзылса да ел бұзылмасын. Бұзылғанды түзетеді. Түзелмесін жер етеді». Бұқар жыраудың тағы сондай бір ақылманды ой-тұжырымы: «Жалғанда өкініштен ауыр қасірет бар ма екен? Күшің жетпей, жаудан жеңілсең, — бұл өлім. Күшің жете тұрып жауыңды босатып жіберсең - бұл жомарттық. Ал артынан сол жауыңнан қастық көрсең - бұл өкініш. Өлімнен де ауыр өкініш!» [1, 103-104 бб.]. Сонда ойшыл өлім мен өкініш ұғымдарының арақатынасын салмақтай отырып, адамның өміріндегі ең ауыры өкініш екеніне назар салады. Өлім ол өмірдің үзілгені аяқталғаны, тіршіліктің аяқталғаны, сондықтан да одан кейін не болса да ешқандай қатысы болмайды, ал өкініш ой-түйсігі бар адамзат баласы үшін қайталанбас құбылыс. Соған қарағанда кез келген жағдайда бастаған ісіннің, әрекетінің белгілі бір сәтсіздікке байланысты орны толмас соңы өкінішке ұласпас үшін жүз қайтара ойланып жасаған абзал дегенге сайса керек.

Қазақ көшпелі өмірді басынан кешіріп, шетсіз де шексіз ұлан-байтақ даласын жаудан қорғап, кейінгі ұрпағына аманат ету жолында аянбай жандарын берген, ақырғы қандары қалғанша шайқасқан, ержүректілік, батырлық, қаһармандық көрсеткен. Бабаларымыз бейбіт өмірді аңсаған. Жерін, елін жаудан қорғаған батырлар, үлкен ерлік, батылдык, батырлық, жүректіліктерімен еліне жеңіс әкелген. Батырдың бақыты, береке-ырысы елімен бірге болған.

Халқымыздың тарихында бұл үлкен кезең қазақтардың небір ірі шайқастарды бастан кешірген, ел болып бірігіп соғысқан батырларын елге таныта білген заманы.

«Әйгілі Бұқар жырау 28 толғау жырында XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы Отан соғысы туралы айта келіп, Қаракерей Қабанбай, Қанжығали Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Сіргелі Қаратілеуке, қарақалпақ Құлашек, Шапырашты Наурызбай, Құдайменді Жібекбай, Сенгірбай мен Шүйкебай, Таңсыққожа Малыт, Қасқарауыл Молдабай, Айнарқұл Батый батырлардың есімдерін атаған» [2, 41-46бб.]. Қазақ батырларының және жауынгерлерінің қантөгісті шайқастардағы ұйымдастырушылық қабілеттері, ерліктері мен қаһармандық әрекеттері, қазақ рухын асқақтатқан намыстың үлгісі болған еді. Әрі қазақ батырлар эпосының және ақын-жырау шығармашылығының басты тақырыбының арқауы болған еді. Өмір дегеніміздің өзі қашанда бір қалыпты, байыпты болып ағатын өзен емес. Бірде құлама жар, сарқырама болып ағады, бірде жайылып, жаймашуақ болып тұрғанын көресіз. XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ мемлекетінің тыныс-тіршілігі де осыған ұқсас еді.

Бүкіл қазақтың басын біріктіріп, қазақ мемлекеттігінің тұтастығын, күш-қуатын жаңа тарихи, саяси, қоғамдық-әлеуметтік биікке көтерген Абылай ханның төңірегінде топтасқан қазақтың үш бас батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығали Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, үшеуі де халқымыздың рухани дәстүрінде терең, әрі көп жырланған тұлғалардың қатарында. Басқаны айтпағанда, бір ғана Бұхар жыраудың, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Тәтіқара жыраулардың және тағы да басқа осы кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармашылығының өзінде осы үш батырдың бейнесіне айрықша мән-маңыздылық беріледі.

«...О кезде жыраудың батыр болуы, батырдың жырау болуы таңқаларлық іс емес. Арғынның бір тармағы Қаржас руынан шыққан Олжабай әрі батыр, әрі жырау еді. Қырыққа жасы келіп қалса да, қай өнерінің басым екенін өзі де білмейтін. Жиырмасынан бастап батырлығы Орта жүзге әйгілі бола бастаған. Олжабай қатыспаған қазақ пен жоңғар арасында бірде-бір белгілі ұрыс өтпеген шығар. Со кезде қазақ жерінде айтылып жүрген қисса, дастаннан Олжабай білмейтін біреуі де жоқ еді. Әлдеқалай ол бәлен ауылда өзіне таныс емес дастан не жыр бар дегенді естісе, қанша алыс жер болса да оған аттың терін аямайтын... Естіген бір сөзін ұмытпайтын. Сондықтан да болуы керек. Олжабай жырлағанда фарсы, араб, тіпті, кейде орыс тілінің де жеке сөздері кездесіп отыратын. Осы Олжабай сан мәртебе домбырасын қолға алып, өзі дастан шығаруды да ойлады. Бірақ бірде-бір реті келмей-ақ қойды. Ол домбырасын ұстаса болғаны, дәл сол сәтте «ел шетіне жау келіп қалды!» деген жаршы айқайы естілетін. Жырау домбырасын тастай беріп, енді қолына найзасын алатын. Осылайша ол Абылаймен бірге сан мәртебе жоңғарларға қарсы жорыққа аттанған... Олжабай енді жорықты тастап, қолына домбыра ап, ел қыдырып, халқының мұң-зарын жырлауды қаншалық арман етсе де, жаугершілік заман мұрша бермеді. Әзірге

бар қолынан келгені, өзі секілді ән мен күйді аңсаған, бірақ қолы оған жетпей жүрген, жас дарындарға жәрдем беру ғана. Ондай жасты құр қасына ғана ертіп жүрмей, атсызына ат берді, үйсізіне үй берді. Осындай жастың бірі ата анасынан жетім қалған он жеті жасар Көтеш ақын еді. Олжабай оны өзіне серік етті. Өзі жете алмаған өнер қиясына Көтештің жетуін тіледі» [3, 223-224 бб.]. Бұл жерден Олжабай батырдың тек батырлық кейіпін ғана емес, өнерді бағалай білген, қасиетті домбыраны қадірлеген өнерпаздық қасиетін, әрі өзі дамыта алмаған өнер жолын жастардың жалғастырып, одан әрі дамытып-жетілуіне бағыт-бағдар көрсетіп, рухани қолдау, материалдық көмек көрсеткен ел ағасы болғандығына куә боламыз.

«Ер – намысының құлы», «Ақыл ердің қорғаны», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы», «Батыр – елдің сәулеті, бал құрақ – көлдің сәулеті», «Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны» деген нақыл сөздердің барлығы осы батыр бабаларымыздың құрметіне арналған. Шын мәнінде, қазақтың алты алашқа атағы кеткен, ғасырлар белесінде бір сәтке де халық жадынан ұмыт болмаған, халық жүрегінен мәңгі орын алған ақберен батырлардың ұлы көшін ұрпақтары тұтастықта, бөліп-жармай, алдыңғы толқын батырлардың тағылымын кейінгі толқын батырларға аманаттап, солардың қайсар рухынан өздері де қанаттанып, күш-қуат алып отырған.

Шын мәнінде, қазақтың алты алашқа атағы кеткен, ғасырлар белесінде бір сәтке де халық жадынан ұмыт болмаған, халық жүрегінен мәңгі орын алған ақберен батырлардың ұлы көшін ұрпақтары тұтастықта, бөліп-жармай, алдыңғы толқын батырлардың тағылымын кейінгі толқын батырларға аманаттап, солардың қайсар рухынан өздері де қанаттанып, күш-қуат алып отырған. Бұқар жырау дәуірі тарихи тақырыпты арқау еткен, жалпы тарихи тұлғалар тағдырын, оның ішінде, қазақ батырларының ерлік істерін, қаһармандық жорықтарын, олардың кейіпкер ретіндегі ішкі жан дүниесін, рухани болмысын тереңірек бейнелеуге ден қойған еңбектер де баршылық. Белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің атақты «Көшпенділер» трилогиясында жазған алғы сөзінде Н.Ә. Назарбаев өз ойын былайша келтірген болатын: «...бұл жолғы басылымның тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде алғаш рет жүзеге асырылуы назар аударарлық оқиға болып отыр. Осы арқылы аса көрнекті жазушының шығармашылығын қастерлеушілер мен бағалаушыларға, біздің тарихымызды қымбат көретін барша жұртшылыққа бұл шығармаға жаңаша – ежелден азаттыққа ұмтылып, ұлттық тәуелсіздік үшін ерлікпен күрескен қазақ халқының жүзеге асқан арманы тұрғысынан қарауға мүмкіндік беріледі. Бүгінгі таңда трилогияны қайта оқи отырып, егемендік алу ісіне біздің бабаларымыз — Әбілқайыр, Абылай, Кенесары хандар, Наурызбай, Қобланды, Бөгенбай батырлар, Төле би, Асанқайғы, Бұқар жырау сынды даналар қаншалықты зор үлес қосқанын ерекше түйсініп, пайымдайсың... Олар, олардың серіктері мен ізбасарлары өз Отанын шексіз сүйді, оның болашағына сенді, осынау көкейкесті мұратқа жету үшін аянбай күш-қайрат жұмсады. Трилогияның тағдырында да оны жаратушы, бірнеше мәрте жала мен жазалауға душар етілген адамның тағдырына ұқсастық бар. ...ендігі жерде жастар одан рухани мықтылықтың, адамгершілік пен отаншылдықтың үлгісі мен тағылымына мөлдір бұлақтан су ішкендей қана алады» [4].

Демек, әрбір текті тұлға, дархан дарынның асыл ойларға толы толғамдарынан тапқыр болмысы мен ойлау қабілетін табиғи дарыны арқасында қалыптасқан ғибратты даналықтың құдіретін көреміз. Дала кеменгерлерінің диалектиканың не екенін білмесе де, өздерінің шынайы болмысымен, туралығымен, қара қылды қақ жаратын әділдігімен көзге түскен, халық мақтаны болған, жүзден жүйрік шыққан дүлдүлдер. Дала кеменгерлерінің шығармашылығының тек далалық қауымға ғана сиятын даналықтың диалектикалық ой-толғау желісін көреміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қор», 2004.
2. Қобландын Қ.И. Ер есімі – ел есінде // Қазақ халқының XVIII ғасырдың бірінші жартысында өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін азаттық күресі. – Целинаград, 1991.
3. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қор», 2004.
4. Сонда.

*List of references:*

1. Yesenberlin I. Nomads. - Almaty: "I. Yesenberlin Foundation", 2004.
2. Koblandin K. I. er's name – in the memory of the country // liberation struggle of the Kazakh people for their freedom and independence in the first half of the XVIII century. - Tselinograd, 1991.
3. Yesenberlin I. Nomads. - Almaty: "I. Yesenberlin Foundation", 2004.
4. there.